

10 қазан, 2015 жыл

[www.ortalyk-kaz.kz](http://www.ortalyk-kaz.kz)

5

# Мұрағат - Халық шекіресі



**Мұрағат – халық шекіресі,**  
өткен өмірдің деректі ескерткіші,  
яғни, мұрағатшылар – тарихты  
сақтаушылар. Өмірде бәрі өтпелі,  
ұмытылмайтын нәрсе жоқ. Соң-  
дайда өшкениңді жандыратын,  
ұмытқаныңды жадында жаңғыртып,  
тарихтағы артурлі кезеңді, әрбір  
тұлғаны орын-орнына қойып беруши  
– қойнауы құжатқа толған мұрағат.  
Мұрағат құжаттары – баға жетпес  
байлық, халықтың асыл қазынасы.  
Бүгін де, ертең де, келер ғасырларда  
да толыға беретін, жазыла беретін  
тарихтың қайнар көзі.



Иә, қоғамның тарихи тәжірибесін  
бейнелейтін мұрағат құжаттарының  
құндылығы мен маңызы ерекше. Олар-  
сыз тарихтың жазылуы мүмкін емес.  
Ұлттық мұрағат қоры – өмірін таусыл-  
мас, қоймасы ортаймас, өткен заманнан  
бүгінге дейінгі қатпар-қатпар кезеңдердегі  
еліміздің шаруашылығын, экономикасын,  
тыныс-тіршілігін кең түрде айқындастын,  
тарихи, мәдени ескерткіштер және  
жеке тұлғалардың өмірін мәнгілікке та-  
рихта қалдыратын ұлттық тарихи  
мұраның көзі. Мұрағат қоймасындағы  
шаң басқан сөрелерде былайғы жүрт  
біле бермейтін, сан ғасырлардың, яғни,  
адам және қоғам өмірін бейнелейтін,  
ата-бабалар шекіресін дәріптейтін,  
туған өлкемізге қатысты қаншама бай  
құжаттарының қорлары жатыр. Оның  
ішіне буқкен құпия сырларын мұрағат  
қызметін зерделеген адам ғана түсінеді.  
ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар  
туралы» Занымен бекітілген ҚР Ұлттық  
мұрағат қоры – Қазақстан халқының  
тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бе-  
лігі. Ол ұлт ігілігі ретінде мемлекет тара-  
пынан қорғалады. Оңдағы құжаттарда хал-  
қымыздың өткені бүгін – маңызды тари-

«Білікті басшы – елге құт» демекші,  
қоғам мүддесін өз мүддесінен жоғары  
қоя білген жетекшілердің бірі – Әмірзак  
Амантаев. Ол Қарағанды облысының  
мұрағат қызметін басқару тізгінің ұзақ  
жылдар ұстады. Сол кезеңде мұрағат  
қызметінің беделі айтартықтай есті. Білік-  
ті басшы адаптацияның белсенді  
өмірлік көзқарасы үшін бірқатар  
мараллар мен мақтауларға ие болды.  
2013 жылдың қараша айынан бастап,  
маңызды саланы мәдениет, мұрағаттар  
және құжаттама басқармасының бас-  
шысы Еркебұлан Ағымбаев пен орын-  
басары Салтанат Әбеуова басқаруда.  
Жалпы облыстың мұрағат қыз-  
метін жоғары көсіби деңгейге көтере  
білген, сондай-ақ, әр іске шығармашы-  
лық тұрғыдан қарайтын, көсібіне шы-  
найы берілген, білім өресі бік мұрағат  
қызметкерлерін мақтандышпен айтуға бола-  
ды. Олардың қатарында Ж.Тансиккужина,  
Л.Байкенжина, Г.Айсанова, Т.Пауль,  
Е.Новикова, Б.Әмірбеков, Е.Хмелева,  
М.Шаймерденованың есімдері ерекше  
аталады. Қазіргі таңда халықта қызмет  
көрсету деңгейі ете жоғары. Осылай  
орай, «Саран» қаласының мемлекеттік

хи оқиғалар, Қазақстан Республикасының, Қарағанды облысы қоғамының даму кезендері, көрнекті саяси және мемлекет қайраткерлерінің тағылымды өмірі, өнер, мәдениет және ғылым өкілдері туралы мәліметтер айғаттамасы бар. Тарихқа үçілсек, жазба деректерді жинастырып сақтау ісі, алғаш рет Мысырда, Ежелгі Грекияда, Қытайда, Римде, тағы да басқа елдерде мемлекеттік дәрежеде қолға алынған. Қазақстанда дербес мұрағаттық пайда болуы Бекей ордасы архивімен (XVIII ғасыр) байланысты. Біздің елде архив жүйесі, негізінен, XX ғасырдың 20-30-жылдары қалыптасты. Ұлттық архив ісінің бастауында А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев сынды қайраткерлер тұрды. Қарағанды облысындағы мұрағат қызметінің тарихына үçілсек, ол өз қызметін қыын-қыстау кезеңде бастаған. Мұрағат қызметінің басшылығы сол жылдардың өзінде аудандық және қалалық мұрағаттардың құрылудына ерекше көніл белген. 1939 жылы Қарағанды облысында 10 аудандық мұрағат қызмет атқарады. Олар: Жанаарқа, Нұра, Тельман, Қарсақбай, Қорғалжын, Ворошиловский, Вишневский, Ақмола, Қарқаралы, Еркіншілік аудандық мұрағаттары. Облыстық мұрағат басшылығына Исаи Мознаим тағайындалады. Жалпы мұрағаттық жағдайы 1949 жылдан бастап жақсара бастайды. Сол жылы мұрағат директорлығына 23 жастағы ММТМИ түлегі А.Кутищева тағайындалады. Ол күш-жігері мен білімін мұрағаттың ғылыми мекеме ретінде қалыптасуына жұмысады.

1976 жылдан 1991 жылға дейін облыстың мұрағат қызметін Александр Вдовин басқарған. Осы кезеңде Қарағанды облысы мемлекеттік мұрағаттының базасында мұрағат қызметі мен тәжірибе алмасу мәселелері бойынша көптеген аймақтық жиналыстар, республикалық конференциялар, семинар-көнестер еткізілген. 1991 жылдың қаңтар айынан бастап, Масұғұт Шаймарданов мұрағат қызметі жүйесінде жұмыс істеген. Ол мұрағаттар және құжаттама белгімін менгерушісі лауазымында қызмет атқарған кезінде өзін сауатты басшы ретінде көрсете білді. М.Шаймардановтың жігері мен талабының арқасында облыстың мұрағат мекемелері Орталық Қазақстанда мұрағат ісін дамытуда үлken рөл атқарады. 1993 жылы Қытайда Мұрағатшылардың халықаралық конгресіне қатысқан М.Шаймарданов мұрағат мекемелерін материалдық жабдықтау мәселелеріне көніл аударды. 1991 жылдан бастап мұрағаттар компьютерлермен, кеңсе техникаларымен тұрақты жабдықтала бастады. Атальыш тұлға облыстың және қаланың қоғамдық өміріне баға жетпес үлес қости. Ол бірнеше рет облыстық сайлау комиссиясы тәрагасының орынбасары болды. Жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазір – зейнет демалысында.

мұрағаты». КММ тұнбай еңбек етіп келеді. Оның ең негізгі, басты қызметі – мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелері, ҚР азаматтары, шет мемлекеттер мекемелері мен азаматтарының мұрағатта сақталған құжаттар негізінде әлеуметтік-құқықтық сұраныстарын орындауды және құжаттардың көшірмелері мен мұрағаттық анықтамалар береді. Соңғы бес жылда әлеуметтік-құқықтық сұраныстардың өсуі байқалуда. Әлеуметтік сұраныстар түрлі бағытта келеді, мысалы, еңбек етілін, тұрғылықты жерін, еңбек ақысын, балалар үйінде болғанын растау туралы сұраныстар жиі түседі. Егер, сұраныс берген адамның жұмыс істеген мекемесінің құжаттары тұрақты сақтауга кепіл түсken болса, онда ол мәліметі толық мұрағаттық анықтама алады. Кей жағдайда сұраныс берушілер құжатты толық тапсырмайды, бұл мұрағаттық анықтаманы орнындауда үлкен қындықтар туғызып, ұзақ уақыт іздестіруге тұра келеді. Сондықтан, ер азамат мұрағатқа келгенде құжаттарын түгендеп, жеке күөліктірінің, еңбек кітапшаларының көшірмелерін дұрыс жасап, етініш қағазын дұрыс толтырып тапсыру керек. Жағдайда сұранысты орындау мерзімі – 15 күн. Кейір жағдайларда сұраныстың көлеміне байланысты анықтама берудің ұзақтығы 30 күнге созылады. Мұрағатқа құжаттары мүлдем тапсырылмай, жойылып кеткен мекемелер көтеп кездеседі. Осында мекемелерде жұмыс істеген азаматтар зейнетке шығарда біз оларға нақты мұрағаттық анықтама бере алмаймыз. Қазіргі таңда электрондық пошта арқылы халықтың сұраныстарын қабылдау жүзеге асырыла бастады. Терен пайымдағанда, жеке тектік қорлар – мұрағат байлығы. Азаматтың жеке мұрағаттының құжаттары құнды тарихи дерек көзі болып табылады. Ол азаматтың жеке өмірі арқылы көптеген оқиғалар мен деректердің дамуын көруге мүмкіндік береді. Жеке мұрағаттарды сақтай отыра, өздерінің еңбегімен аймағымыздың даңқын шығарған біздің үздік замандастарымыз, жерлестеріміз жадымызда сақталады.

Жеке тектік құжаттарды жеке тұлғалардың өмірі және қызметі барысында түзіліп, мемлекеттік сақтауга түсken жеке тектік қорлар, мұрағаттық коллекциялар және дербес жынтықтар құрайды.

Жеке қор бір адамның айшықты гұмыры және қызметі барысында құралған құжаттардан тұрады. Мұндай қорлар қорды құрушының өмір сүрген уақытын сезінуге және оны тереңірек түсінуге дәнекерлік ететін бірден-бір тарихи мәлімет көзі болып табылады.

Біз мұрағат қабырғасында атқарылып жаткан жұмыстардың барлығы халық иiglігін үшін жасалып жаткан іс-шаралар екендейін терең пайымдаймыз, сондай-ақ, алдағы кезеңдегі әрекеттеріміз бұрынғыдан да нәтижелі боларына күмәнсіз сенеміз.

Айдын ҚҰЛЖАНБЕКОВ,  
«Саран қаласының мемлекеттік  
мұрағаты» КММ директоры.